



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№22

(906)

10 маусым

2022 жыл

СҮЙІНІШ

НАМЫС ЖЕҢДІ!

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы ұлттар лигасының С дивизионындағы екінші матчын да жеңіспен аяқтады. Словакияның Трнава қаласындағы тартыс 0:1 есебімен еліміздің ұлттық құрамасының пайдасына шешілді.

Түнекүні елордамызда Әзірбайжан құрамасын 2:0 есебімен енсеріп, 6 ұпай жинап С тобында әзірге көш тізгінін өздері алды. Әлем чемпионатына іріктеу матчында қатарынан екі ойында ұтып, 6 ұпай иелену біздің құрама үшін алабөтен жаңалық. Словакияда өткен ойынның қалай өрістегені алаң мінез аладеп жанкүйерлеріне бесенеден белгілі. «Құланның қашуына мылтықтың басуы» деп Трнавадағы тартыста Аслан Дарабаевтың соққан голының сойқан желі Словакия ұлттық құрамасының бас бапкерін орнынан қозғап жіберді. Кельтердің бүгінгі ұрпағы ұлттық құрамасының алақүрен ойынын қоңылтасып, наразылық білдірді. Мұның алдында Ресей мен Хорватия құрамасына қарсы матчтардағы сәтсіздік ұшыраған Словакия құрамасын Қазақ елінің «қаршығалары» теңселтіп жіберді. Словакия футболының ақ жағалылары бас бапкерлік қызметті кімге тапсыратынын өздері шешеді. Осы арада сәл шегініс жасайық. Жалпы қазақ футболы «Жана Қазақстанды» құру жолында өздерінің үлесін қосып, бір уығын болса да шаншуды осы жылдың басында бастап кеткен.

(Жалғасы 3-бетте)



МӘССАҒАН!

ЖҰМЫРҒА ЖҰҚ БОЛМАҒАН 100 МЛРД...



Қайырбек ӨСКЕНБАЕВ,
индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрі:

«Бөлінген қаражаттың лимиттен асып кетуіне байланысты, банктер жеңілдетілген автонеисе алуға өтініш қабылдауды тоқтатты. Автонеиселеуге 100 млрд теңгеді қаржы бөлінді. 20 мыңнан астам өтініш түсті. Соның 10 мыңға жуығы (73 млрд теңге) банктерден өтті. Бүгінгі таңда 2 895 көлік сатып алынды. Біз шамамен 15-16 мың көлік сатып алуға 100 млрд теңге жетеді деп ойладық. 1-2 айдан кейін несиеге берілген ақша қайта орала бастайды, яғни көлік алғандардың төлемі түседі. Осы жиналған төлемдерге қайтадан несие беріледі. Бұл — айналып отыратын бағдарлама. Оған 100 млрд теңгеден басқа қаражат бөлінбейді».

ТАРИХ

«ХАН КЕНЕГЕ ТАҒЗЫМ»



Халықаралық Түркі академиясы А.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен бірлесіп, Кенесары Қасымұлының 220 жылдық мерейтойына орай «Хан Кенеге тағзым» атты іс-шара ұйымдастырды.

Басқосу аясында Түркі академиясы дайындаған «Кенесары хан» кітабының тұсаукесері өтті. Жинаққа Кенесары хан мен Наурызбай, Саржан, Есенгелді батырлардың қаһармандығы мен ерлігі жырланған аңыз-әңгімелер, тарихи жыр-дастандардың таңдаулы үлгілері іріктеліп топтастырылған. Көпшілік назарына ұсынылған «Кенесары хан» кітабын М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкерлері Нұржұма Елесбай және Насихат Набиолла қолжазбадан оқып, мәтінтанулық жұмыстар атқарып, құрастырып шығарды.

БЕЗБЕН

Бұдан былай 1-сыныпқа қабылданған оқушылар шет тілін оқымайды. Нақтырақ айтсақ, қазақ мектебіне қабылданған балаға 1-сыныпта орыс тілін оқымайды. Орыс мектептері, керісінше, қазақ тілін 2-сыныптан бастап меңгереді. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов үш тілді 1-сыныптан бастап оқытудың пайдасынан гөрі, ауырлығы артып кеткенін алға тартып отыр.

БАЛАҚАЙ, ШЕТ ТІЛІН ОҚЫМАЙСЫҢ!

Осы орайда ол: «Біз зерттеу жасап, балалардың мүмкіндігіне қарай шет тілдерін оқыту жүйесін енгіземіз. Мысалы, қазақ мектебіне барған бала 1-сыныпта тек қазақ тілін оқиды, 2-сыныптан орыс тілі пәні қосылады, 3-сыныптан ары қарай ағылшын тілі қосылады» деп.

Бұған дейін оқушылар 1-сыныптан бастап үш тілді қатар оқып, әбден сансыраған болатын. Министр мойындағандай, алты-жеті жастағы балаға үш тілді қатар алып жүру қиын тиетіні анық. «Баланы медресеге біл деп берген» (Абай) ата-аналар үшін де бұл жақсылық рәуіштегі хабар болып отыр. Қазақ тілінде «Р» деп оқыған әріпті сол күні ағылшын тілі пәні өткенде «Р» әрпін «пи» деп оқуы расында да шатастырады.

Үш тілде оқыту мәселесін талқылау мен тарқату, таразылау мәселесі қоғамда маңыздылығын жойған жоқ. Дүркін-дүркін басқосуларда да осы шаруаның шикі тұсы көп екенін айтылып келеді. Мәселен, жуырда жарты күнге ұласқан онлайн марафон барысында да осы үштілділікті бастауыштың есігін енді аттаған баланың басына байлап жіберудің зияндығы туралы Мәжіліс депутаты Саясат Нұрбек те айтып еді. Қазақ, орыс, ағылшын, испан, латын, жапон тілдерінде сөйлейтін, Батыс көрген мәжілісмен бүй дейді: «Әдістемелік жағынан кішкентай балалар тілді тез үйреніп кетеді. Ал нейрондық байланыстардың қалыптасуы жағынан олар шатасуы мүмкін. Сондықтан оқушылар 1-5 сынып, тіпті болмағанда 1-3 сынып аралығында тек бір ғана тілде оқығаны дұрыс». Бір емес, бес-алты тілде еркін сөйлей алатын полиглот депутаттың айтқаны айдай анық нәрсе.



Апта бұрын Сенат отырысында депутат Мұрат Бақтиярұлы да балаға 1-сыныптан шет тілін оқытудың орасан қателік екенін ескерткен болатын.

Отандық білім саласы орасан реформаны бастан өткеріп келеді. Министр ауысқан сайын реформа жасалады, заңға да сан түрлі өзгерістер енгізіледі. 2016 жылдан бері қарай 29 рет білім және ғылым туралы заңға өзгерту енгізіліп, толықтыру жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарты 17 жылдың ішінде 7 рет өзгерген. Саланы басқаруға келгендер шаруаны өздерінше «өргісі» келгендіктен, түрлі өзгерісті енгізу арқылы осындай статистика бой көрсетіп отыр. Өзгерте беру өркендеуге бастамайтынын Мұрат Бақтиярұлы депутаттық сауал ретінде жолдады. Ел қазынасынан білім саласына бөлінетін қаржыда қазымырлық қылаң берген емес, мемлекеттің қамқорлығы да алабөтен ерекше. Бірақ білім деңгейін жақсартуға әлі де орасан жұмыс атқарулы тиіс. Осы мәселеге қатысты М.Бақтиярұлы. «Жастардың ағылшын тілін білуі — уақыт талабы. Бірақ ойлау, сананы дамыту жүйесі әлі толық қалыптаспаған қазақ бүлдіршіндеріне бірден үш тілді оқытудың қажеті қанша?! Шет тілін білу сауаттылықтың негізгі көрсеткіші емес, әлемдік ғылымды игеруге қажетті құрал», — деп.

Дамыған отыз елдің ортасынан дәлеміз бар. Бірақ сол отыз елдің көпшілігі балаларына шет тілін 1-сыныптан бастап үйретпейді, буыны бекіп, қабырғасы қатайған шағынан шет тіліне суарады.

Осы жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызға дейін 1-сыныпқа баласын беру үшін ата-аналардан өтініш қабылданып жатыр. Осы күнге дейін 250 мың бала тізімделген. Оның 70 пайыздан астам қазақ мектебіне баруға қамданып отыр. Қуанарлығы, биыл да мемлекеттік тілде білім алғысы келетін балақайлардың шоғыры қалыңдай түскен. Әсіресе, Маңғыстау, Қызылорда, Жамбыл, Атырау облыстарында өтініш берген балалардың 80 пайыздан астамы қазақ мектептерінде білім алғысы келеді.

Алматы қаласындағы № 33 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог зерттеуші Гүлжан Жансеркееваның ұстаздық жолда 33 жылдық тәжірибесі бар. «Бала 1-сыныпта тек бір тілде оқығаны дұрыс. 42 әріпті бір тілде оқып-үйреніп меңгерген соң ғана, шет тілін сатылай енгізу өте тиімді болмақ. Қазақ мектептерінде орыс тілін 2-сыныптан, ағылшын тілін 3-сыныптан қосу тиімділігін көрсетеді, баланың қабылдауына да салмақ болмайды», — дейді білікті ұстаз.

Болжам бойынша, жана оқу жылында мектеп босағасын 400 мыңнан астам балақай аттауы мүмкін. Министр Аймағамбетовке биылдан бастап 1-сыныпқа баратын балалардың басын шет тілімен «ашытпайтыны» үшін Тәңір жарылқасын айтамыз.

Қуан КӨШЕК

БИЛІК

«Биыл Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толды. Жоғары деңгейдегі келіссөздер біздің стратегиялық серіктестігіміздің жылнамасына ерекше оқиға ретінде жазылады». Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Мемлекеттік кеңесінің мүшесі, сыртқы істер министрі Ван И мырзамен кездесуде осылай деді.

баға беріп, күрделі геосаяси өзгерістер жағдайында «Орталық Азия – Қытай» форматында кездесулер өткізудің маңыздылығын атап өтті. Тараптар екіжақты саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық перспективаларын, сондай-ақ БҰҰ, ШЫҰ және АӨСШК сияқты халықаралық ұйымдар мен форумдар шеңберіндегі өзара іс-қимылды талқылады. Сапар аясында ҚХР сыртқы істер министрі Мемлекет басшысы қабылдады.

деңгейдегі қауіпсіздік пен сенімге жетпей тұрған олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы максаттарын жүзеге асыруға ықпал етеді. Өз кезегінде Ван И Си Зинпиннің сәлемі мен еліміздегі жалпұлттық референдумның табысты өтуіне байланысты құттықтауын жеткізді. «Референдум нәтижелері мемлекетті жан-жақты жаңғырту үшін Сіздің басшылығыңызбен қабылданып жатқан

ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ ӨРІСТІ КЕҢЕЙТЕДІ



Елімізге ресми сапармен және «Орталық Азия – Қытай» форматында Сыртқы істер министрлерінің үшінші отырысына қатысу үшін келген Қытай дипломатымен Премьер-Министрдің орынбасары – сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді келіссөздер жүргізді. Сыртқы саяси ведомстволардың басшылары дипломатиялық қарым-қатынастардың 30 жылы ішінде Қазақстан мен Қытай мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне қол жеткізгенін қанағаттанарлықпен атап өтті. М.Тілеуберді өзара сауданы ынталандыру, көлік-транзит және логистикалық салалардағы кооперацияны нығайту, адам алмасу мен жолаушылар әуе қатынасын қалпына келтіру бойынша бірлескен күш-жігерді қабылдаудың маңыздылығына назар аударды. Ван И мырза Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының дамуына жоғары

Кездесу барысында Қазақстан мен Қытай арасындағы ұзақмерзімді, жан-жақты стратегиялық серіктестіктің қазіргі ахуалы мен перспективалары, сондай-ақ халықаралық және аймақтық ұйымдар аясындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 30 жыл ішіндегі стратегиялық серіктестіктің деңгейіне жоғары баға берді. Екі ел арасындағы кешенді байланыс әрмен қарай да беки бермек. Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Си Зинпиннің алдағы күзде елімізге жоспарланған мемлекеттік сапары екіжақты қатынастарды дамытуға тың серпін береді деп үміттенетінін жеткізді. Біздің Президент ҚХР Төрағасының жаһандық қауіпсіздік және даму саласындағы бастамасына қолдау білдіретінін айтты. Оның толыққанды жүзеге асырылуы әлемдік

шараларды ел азаматтарының барынша қолдайтынын көрсетеді. Мұның жана Қазақстанды құру үшін зор мәні бар, сондай-ақ елдің келешек дамуының берік негізін қалыптастырады», – деді. Қытай министрі екі ел көшбасшыларының дана басшылығының арқасында ҚХР мен Қазақстанның екіжақты қарым-қатынастары үлкен өмірлік күшке ие болатынын атап өтті. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ван И аймақтық және жаһандық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты. Олар халықаралық аренадағы, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Ислам ынтымақтастығы ұйымы аясындағы ықпалдастықты жалғастыра беруге ниетті екенін айтты.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰

ОРТАҚ ӨГІЗДЕН – ОҢАША БҰЗАУҒА

Ғаламдық сарапшылар арасында «Жаһанданудан – оқшаулануға» дейтін жана ұғым пайда болды. «Санкция соғысы» дүниеге әкелген тіркес. Мәнісі – әркім өз қамын өзі күйттеуі тиіс. Себебі көптеген елдер өзінде көп, өзгеде қат тауардың шетке шығуына шектеу қойды. Соның салдарынан осы уақытқа дейін үздіксіз жұмыс істеп келген сауда-саттық айналымы сыр бере бастады. Мұның кесірін біздің ағайын қасқалдақтың қанындай таптырмайтын дүниеге айналған қант арқылы көріп отыр. Шекерсіз шай ішпейтін қазекен қымбат болса да сатып алуға мәжбүр.

Тұтыну нарығында қалыптасқан ахуал өткен ғасырдағы 90-жылдардың басын еске түсіреді. Кенестік жүйе ыдырағанда шаруашылық байланыстың бәрі үзіліп қалды. Шалбардың матасын көршіден, бояуын баскадан, түймесін тағы бір жақтан алатын тігінші жұмыссыз, жұрт киімсіз қалып еді.

Капитализмге көшкен соң «Жаппай жаһандануға» дейтін ұранның жетегімен өзгенің бұйымына иек арту белен алды. «Өзімізде өсіргеннен гөрі шетелден сатып алған арзанға түседі» дейтін түсінік үстемдік құрды. Қант қызылшасын өсіретін диканның кетпенін тот басты. Шекер шығаратын зауыт жабылды. Есесіне, алыстағы Американың күнгейіндегі фермер қант қурайына тоқтаусыз тапсырысты көріп, алақанын ысқылады. «Дистрибьютор» деген әдемі атауды иемденіп алған біздегі делдал-алыпсатардың да қалтасы қампайып шыға келді.

Ауызы дуалы саясаттанушылар қалыптасып жатқан ғаламдық жана жүйе жаһанданумен қоштасатынын айтып жүр. Бұл экономикалық тәуелсіздікке, соның ішінде азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу кез келген мемлекет үшін көкейкесті міндет деген сөз. Мұндай дербестік, әсіресе, азық-түлік пен киім-кешек секілді тұтыну тауарларын өзімізде өндіруге алып келер еді. Оған мүмкіндік те, ресурс та жеткілікті. Тек Жетісу өңірінде диканды егіс алқабына, жұмысшыны қант зауыттарына қайта әкелген Амандық Баталовтай әкім-менеджерлер керек бұл іске. Мамандарға жүгінсек, Жетісу, Жамбыл және Павлодар облыстарында қант қызылшасын көптеп өсіруге, шекер шығаратын кәсіпорындардың қуатын молайтуға барлық жағдай бар.

Түркия сияқты ауыл шаруашылығы айрықша дамыған, өзін азық-түлікпен қамтамасыз ететін елдердің тәжірибесіне көз тастасақ, өңірлер белгілі бір салаға маманданады. Ғылым, университет және кәсіптік білім беретін оқу орны дикан немесе малшымен тығыз байланыста. Ғалымдар мен студент тапқан жаңалығын еш кедергісіз өндіріске енгізеді. Түрік үкіметі бұған кешенді көзқарас пен шағын және орта кәсіпкерліктің арқасында қол жеткізіп отыр.

Әлемдік нарықтағы ендігі беталыс осындай. Көштен қалмайық десек, еңбекке, отандық өнімге деген құрметті арттырған жөн болар.



Срайыл СМАЙЫЛ

Аптаның алаңы

ҚАНТ БОЛМАСА, КӘМПИТ ТЕ ЖОҚ

Константин ФЕДОРЕЦ, «Лотте Рахат» АҚ басқарма төрағасы:

«Қант тапшылығына байланысты құрамында шекер бар өнімдердің өндірісін азайттық. Оның ішінде ирис,



барбарис көмпиттері бар. Қант екі апта болмай, одан кейін қайта пайда болуы мүмкін. Сондықтан Шымкенттегі фабрика кейбір өнімдердің өндірісін уақытша тоқтатты. Шілденің ортасында қант жеткізіледі, сол кезде жұмысты жалғастырамыз. Ұн, май, қант, сүт қана өзіміздікі, қалған шикізаттың барлығы шетелден келеді. Какао, жаңғақ және өзге де өнімдер Түркия, Өзбекстан, Вьетнамнан жеткізіледі. Өзімізде шығарылатын шикізат сапасын арттыру қажет».

Роман СКЛЯР,

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары:

«Қазақстанда жанар-жағармай, оның ішінде дизельдік отын тапшылығы жоқ. Барлық мұнай өңдеу зауыттары штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Күн сайын ашық түсті мұнай өнімдері шығарылып, ішкі нарыққа жеткізіліп жатыр».



Жандос НҰРМАҒАНБЕТОВ, энергетика вице-министрі:

«Энергетика министрлігі мәселені өз бақылауында ұстайды. Жанар-жағармай бағасы соншалықты көтеріле қоймас. АИ-92 маркасы қымбаттамайды. Ал АИ-95 байларға арналған бензин ғой, оның бағасын реттеудің қажеті қанша? Біз ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпке, жалпыға арналған отын бағасын ғана реттейміз».

Кесте

БАҒА ҚАЛАЙ ҚҰБЫЛДЫ? (2022 ЖЫЛ)

	ҚАҢТАР	АҚПАҢ	НАУРЫЗ	СӘУІР	МАМЫР	МАУСЫМ
ДОЛЛАР \$	433,36 ТҒ	434,44 ТҒ	497,18 ТҒ	453,22 ТҒ	430,71 ТҒ	433,4 ТҒ
РУБЛЬ Р	5,67 ТҒ	5,64 ТҒ	4,73 ТҒ	5,77 ТҒ	6,82 ТҒ	7,1 ТҒ
1 БАРРЕЛЬ МҰНАЙ	85,46 ДОЛЛАР	94,1 ДОЛЛАР	112,46 ДОЛЛАР	105,82 ДОЛЛАР	110,92 ДОЛЛАР	121,7 ДОЛЛАР

Дереккөзі: Ұлттық банк

Сүйініш

(Басы 1-бетте)

Ең алдымен Қазақстан футбол федерациясының президенті лауазымына үміткерлер алғаш рет сайлау арқылы сынақтан өтті. Бес адам өзінің кандидатурасын ұсынып, Әділет Барменқұлов басым дауыс жинап, футбол федерациясының президенті болып сайланды. Бұл есім-сойды естігенде футболға бұрын-соңды байланысы болмаған Барменқұлов сайлауалды бағдарламасында қазақ жерінде аладоптың дәуірлеуі үшін қыруар жұмыс атқарылуы тиіс деп, соқталы-соқталы мәселелерді жіпке тізгендей түзіп келіп айтып еді. «Егер мен президент болсам» деп бағдарламасын таныстырған Барменқұлов қоғамның камқорлығы мен мемлекеттің қазақ футболына демеуі ауадай қажет екенін айтқан еді. Осы екі тараптың арасындағы алшақтықты жақындатуға, байланысты арттыруға күш салатынына сендірді. Тіпті футбол дамуы үшін ұлттық жобаға айналуы керек екенін, оған жету жолында стратегиялық жоспар түзіліп, құжат әзірлеу ісі тұрғанын да жеткізді. Әділет Барменқұлов «Стратегия –2034» деген атпен өзінің бағдарламалық құжатын таныстырып, оның ішінде төрт бағытқа алабөтен басымдық



отырғаны соқырға таяқ ұстатқандай белгілі. Федерацияның жаңа президенті осындай мәселелерді түбегейлі шешу арқылы тығырықтан шығудың жолын қарастырмақ енді. Қалай дегенде де, қу шөппен ауыз сүрте беруге болмайды, қазақ футболында дамудың динамикасы дәуірлеп, ілгері жылжу байқалады. Барменқұловқа әзірге толыққанды баға беруге ертерек. Әлеуеті қаншалықты, іскерлік беделі қай деңгейде екенін уақыт өзі көрсетеді. Үлкен аманатты арқалаған азаматқа абыройлы жұмыс істеуін тілейміз.

Словакия ұлттық құрамасының қорғаушысы Куцка Юрай осы ойынға қатысы пікір айтып: «Біз қазақтардың да футбол ойнай алатынын мойындаймыз. Келесі матчқа тыңғылықты әзірлікті байқаймыз. Біз жеңіске жетеміз деп күпініп шығып едік, мұндай менсінбеушілікті санадан сылып тастау керек екен», – деді.

Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Олжас Абраев Словакияға жүрер алдында құраманың белді ойыншыларының кейбірі жарақат алып қалғанын, баска да түйткілдердің түйнегенін жасырған жоқ. Әзірлікке уақыт тығыз болса да, бас бапкер тығырықтан алып шыққанына алғысын жеткізді.

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев үшін де ұлттар лигасындағы қатарынан екі жеңіс үлкен ұпай, есім-сойының аспандауына сеп болары хақ. Өйткені Адиев алғаш рет ұлттық құраманың бас бапкері лауазымына тағайындалып отыр. Бұған дейін Ресейде бірнеше клубтың бапкер болып жұмысын өрістетті. Былтыр қарағандылық «Шахтердің» бас бапкері болды. Арала бір жыл өткенде ұлттық құрама тізгінін ұстап отыр.

Жанкүйерлер өз алаңымызда Әзірбайжан құрамасына, сырт алаңда Словакия құрамасына қарсы матчтарда жігіттердің жанкештілігі мен намысын тапталпай,



НАМЫС ЖЕҢДІ!



берілетінін айтқан. Ойыншылардың шеберлігін шындейтын бапкерлерді ғана емес, кәсіби футболдың айналасындағы басқару тетігіндегі мамандарды оқытуды, білімін, білігін жетілдіруді қалыптастыруға күш салу қажет екенін айтты. Кәсіби футболға түбегейлі реформа жасап, қаржыландыру жүйесіне жаңашылдық енгізіп, клубтарды жекешелендіріп, ерлер һәм әйелдер лигасын жаңғыртып, қазақ футболында жас таланттардың томағасын сыпыру, ең сүйектісі – 2034 жылы өтетін әлем чемпионатының

финалына Қазақстан құрамасын қосу. Әрине, оған дейін арада бір мүшел жылдар бар. Жүз жылдан астам тарихы бар қазақ футболының өзегіне түсіп кеткен кемшілік жетіп артылады. Оны Әділет Назарбайұлы осы стратегиялық бағдарламасында да тізіп шығыпты. Рас, Барменқұлов айтқандай, бапкерлерді оқыту, оларға лицензия беру бірізге түсіп, қалыптасып кете қойған жоқ. Отандық футболдың 90 пайызға жуығы мемлекеттің есебінен қаржыландырып, асырауында отыр. Демек осындай

камқорлықты көре отырып, олардың басшысынан бастап қосшысына дейін, атап айтқанда, клубтың президентін, спорттық һәм техникалық директор, жаттықтырушы, коммерциялық директор, жарыс ұйымдастырушылардың да кәсіби біліктілігін көтеру қажет. Әлем қалай ала допты өрістетіп отырғанын футболдың айналасындағы әрбір жан жұлын-жүйесімен сезінгенде ғана іс ілгері жылжиды. Спорт инфрақұрылымы, оның ішінде футболдың арсеналы алыстағы ауылдарды әлі де қамтамасыз ете алмай

ақырына дейін арпалысуына ерекше разылығын білдіріп, үлкен қолдау көрсетті. Тіпті Трнавадағы тартысқа Еуропаның әр қиырында жүрген қазақ жанкүйерлері арнайы барып, үлкен қолдау білдірді. «Өзіңнен тумай ұл болмайтынын» дәлелдеген қазақ футболшылары енді ертен сырт алаңда ұлттар лигасындағы үшінші матчты Беларусь құрамасына қарсы өткізеді. Жігіттерге сәттілік серік болғай дейміз.

Қуаныш РАХМЕТ

Өзекті

АЙРАН ІШКЕН ДЕ, ШЕЛЕК ЖАЛАҒАН ДА ТҰТЫЛАДЫ

Бүгінге дейін қаржы пирамидасын жарнамалап, жалпақ жұртқа жар салғандар оп-оңай құтылып кететін. «Жұлдыздарға» сеніп, мыңдаған адам жиған-тергенінен айрылушы еді. Ал олар түк болмағандай, сайрандап жүре береді. Енді мұндай жүгенсіздікке жол берілмейді. Мәжіліс депутаттары қаржы пирамидасын жарнамалауға тыйым салатын заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.



Бір ғана қаржы ұйымы бір жылдың ішінде жұрттың 17 млрд теңгесін қалтаға басқан. Ақшасынан айрылған соң, кейбіреулер өз-өзіне қол жұмсауға дейін барыпты. «Пәленше ескі көлігін жаңаға айырбастапты», «Көршім бір миллион теңгесін екі миллион етіпті». Осындай алдампаз жарнамаға сеніп, сан соғып қалғандар қаншама. Қаржы мониторингі агенттігі келтірген дерекке сүйенсек, «Не работа» деп аталатын қаржы пирамидасы азаматтардың 80 миллион теңгесін қақшыған. Осы орайда халық қалаулылары «жұрттың осылайша алдануына желідегі жылтырақ жарнамалардың әсері көп» дейді.

Мәжіліс депутаты Юрий Ли заңға мынадай түсініктеме берді: «Қаржы пирамидасын жарнамалағандарға

217-баптың бірінші бөлігі бойынша екі мың айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынады немесе 600 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмысқа тартылады. Екі жылға дейін бас бостандығы шектеледі. Осы баптың төртінші бөлігі бойынша үш жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлкін тәркілеу жазасы қарастырылған».

Мәжіліс отырысында қаржы пирамидасы жаң-жақты талқыға түсті. Жиынға келген қаржы мониторингі агенттігінің басшысына депутаттар «Ауру асқынбай тұрып, алдын алуға болмай ма» деген сауал тастады.

Мәжіліс депутаты Дәния Еспаева: «Сонда сіздер 27 мың адамның зардап шеккенін күттініздер ме? Мысалы, «Гарант 24» қаржы ұйымы бір жыл бойы ашық жұмыс істеді. 17 мың адам 30 млрд теңгеге шығындалған. Мұны қалай түсінуге болады? Ашықтан-ашық жар салып шақыратын мұндай ұйымдар әлі күнге дейін бар. Сонда олардың жұмысына кім тоқтау салады?», – деді ашынып.

Қаржы мониторингі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ғабит Садырбековтың жауабы мынадай: «Жұрт қай жерде көп ақша ұсынса, соған оп-оңай еріп кетеді. Біз елдегі бүкіл адамды бақылай алмаймыз».

Әлбетте, бақылай алмайсыз. Әйтсе де, күн сайын «балалап» жатқан қаржы пирамидаларына мониторинг жүргізіп, жұмысы енді басталып келе жатқанда жауып тастауға болатын шығар?

Бірақ, әйтеуір, сен қозғалды. Енді қаржы пирамидасын танымал вайнерің де, продюсерің де, әртісің де жарнамалай алмайды.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Жаңа кітап

Танымал қаламгер, талантты әдебиет сыншысы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Әмірхан Меңдекенің «Жалғыздық сені қайтейін...» кітабы оқырманға жол тартты.

«ЖАЛҒЫЗДЫҚ СЕНІ ҚАЙТЕЙІН...»

Бұл еңбек мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті арттыру, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы, «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы аясында жарық көрді.



Көрнекті сыншы Әмірхан Меңдекенің ұлттық әдебиетіміздің жай-күйі жөніндегі таңдаулы әдеби-сын мақалалары топтастырылған кітаптан оқушы көп жайтқа қанығады. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің әйгілі еңбегі «Абай жолына» енбей қалған бір сөйлемнің сыры мен сипаты туралы, жазушы Герольд Бельгердің 48 жыл жазған күнделігі, Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның шығармашылығы мен азаматтық биіктігі, талантты жазушы Оралхан Бөкейді еске алып жазған сағыныштан туындаған туындысы басқа да кесек шығармалары енген.

Өрісті әрі ойлы дүниелердің көкейі де ұзын, жаңалығы да мол.

MEGAPOLIS

Туризм саласының Шымкенттің әлеуметтік-экономикалық ахуалына ықпалы зор. Былтыр туризм саласы бойынша туроператорлар, турагенттер және өзге де ұйымдардың қызметін қосқанда, 1300-ге жуық адам жаңа жұмыс орнымен қамтылған. Жалпы өткен жылы Шымкент шетелдік туристер саны бойынша елімізде 3 орынды иеленді. Әрбір келген шетелдік турист қала экономикасына қосымша қаражат әкелуге, қаладағы 3 жұмыс орнының сақталып қалуына үлесін қосады. Сол себепті туризмді дамытудың, көлушілер санын арттырудың маңызы зор. Биыл да Шымкентте құрылысы жүріп жатқан және кезегімен ашылып жатқан қонақүйлер мен қоғамдық тамақтану орындары бар. Жалпы, қазіргі таңда үшінші мегаполистің туристік әлеуетін арттыру үшін 37 мыңдай адам қызмет етуде. Ал тартылған инвестиция көлемі – 52,6 млрд теңгеге жеткен. Осы және өзге де сауалдар төңірегінде Шымкент қаласының туризм және сыртқы байланыстар басқармасының басшысы Ерлан Қыдыров жауап берді.

Jas qazaq: Ерлан Ермақұлы, үшінші мегаполиске туристердің келуі қалай болып жатыр?

Е.Қыдыров: Өткен жылы Шымкент қаласына келуші туристер саны — 316 832 адамды құрады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 213 394 адам келген болатын. Бұл мегаполиске келген туристер санының 148,5 пайызға ұлғайғанын көрсетеді.

Соның ішінде, Қазақстанның 300 мыңнан астам тұрғыны мен шетелдің 14 мыңнан астам азаматы Шымкент қаласына саяхаттау, іскерлік, кәсіптік, сондай-ақ жеке мақсатта сапарлатып келген. Келуші туристердің басым бөлігі Ресей, Әзербайжан, Түркия, Қытай Халық Республикасы, Сауд Арабиясы, Франция, Германия, Италия және АҚШ азаматтары.

Шымкент қаласы өткен жылдың қорытындысымен республикада келуші туристер санымен (*резиденттер*) 6-орынға жайғасқан. Ал оның ішінде келуші шетелдік азаматтар (*резидент еместер*) бойынша 3-орынды құрап отыр. Туристер үшін Туризм және сыртқы байланыстар басқармасының «Visit Shymkent» туристік ақпараттық орталығы тарапынан жыл ішінде 153 экскурсия ұйымдастырылған. Гидтер орталық тарапынан экскурсияларды



жүріп жатқан және кезегімен ашылып жатқан қонақүйлер мен қоғамдық тамақтану орындары бар. Жалпы, қазіргі таңда үшінші мегаполистің туристік әлеуетін арттыру үшін 37 мыңдай адам қызмет етуде. Ал тартылған инвестиция көлемі 52,6 млрд теңгеге жеткен.

Jas qazaq: Туристерге қызмет көрсететін кәсіпкерлерге қандай да бір мемлекеттік қолдау бар ма?

Е.Қыдыров: Елімізде алғаш рет туристерге қызмет көрсететін кәсіпкерлерге мемлекеттік қаржылай қолдау тетіктері іске асуда. Ол қолдаулар мәдениет және спорт министрлігі, жергілікті атқарушы орган және «Kazakh tourism» ҰК тарапынан көрсетілетін. Атап айтқанда, министрлік тарапынан: шетелдік туристер үшін туроператорлардың

Ерлан ҚЫДЫРОВ, Шымкент қаласының туризм және сыртқы байланыстар басқармасының басшысы:

«ҮШІНШІ МЕГАПОЛИСКЕ ТУРИЗМНЕН ТҮСЕР ПАЙДА КӨП»



ақысыз жүргізеді және келушінің қажеттілігіне байланысты бірнеше тілде ақпарат береді.

Jas qazaq: Ал бұл салада қанша адам жұмыспен қамтылған?

Е.Қыдыров: Айта кетейік, былтыр туризм саласы бойынша туроператорлар, турагенттер және өзге де ұйымдардың қызметін қосқанда, 1300-ге жуық адам жаңа жұмыс орнымен қамтылған. Биыл да Шымкентте құрылысы

шығындарын субсидиялау (*15 мың теңге, әр бір сырттан келетін турист үшін*), жергілікті атқарушы орган тарапынан: туристік нысандар құрылысы шығындарының бір бөлігін өтеу (*10%*), жол бойындағы қызмет көрсету нысандары құрылысының бір бөлігін өтеу (*10%*), туристобустарды сатып алуға шығындардың

бір бөлігін өтеу (*25%*), санитарлық-гигиеналық торапты (*әжептосан*) күтіп ұстау шығынын субсидиялау (*83 300 теңге*), одан өзге, «Kazakh tourism» ҰК» АҚ тарапынан балалар әуе билетін субсидиялау (*100%*). Яғни 17 жасқа дейінгі балалар Қазақстан ішінде тегін ұша алады. Аталған жоба — ел ішінде демалысқа аттанған балалардың әуе билетін тегін алуына

мүмкіндік береді. Ол үшін турпакет ішкі туризмде лицензиясы бар туроператордан сатып алынуы тиіс. Бұл қолдаулар басқарма тарапынан қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алуға мүмкіндігі бар азаматтарға көрсетілетін болады.

Jas qazaq: Шетелдермен байланыс қалай жүзеге асып жатыр?

Е.Қыдыров: Басқарма өз қызметін жүзеге асыру барысында 5 басым бағытты айқындаған. Олар: туристік инфрақұрылымды әрі қарай дамыту, қызмет көрсету сапасын жақсарту, яғни сервисті жетілдіру, креативті индустрияны дамыту, маркетингтік ілгерілету және сыртқы байланыстарды нығайту. Осы бағыттардың ішінде сыртқы байланыстың да маңызы зор. Мәселен, бүгінгі күні Шымкент 10 қаламен

бауырластық қарым-қатынас орнатқан. Олар: Худжанд, Могилев, Байинь, Стивенэйлж, Измир, Паттайя, Ахарнон, Гроссето, Эскишехир, Адана.

Басқармаға қарасты «Visit-shymkent.kz» туристік порталы 2020 жылдың қараша айында іске қосылды. Қазіргі таңда туристік порталға қала аумағындағы 700-ден аса туристік сала өкілдері мен нысандары енгізілген. Туристік портал арқылы қала аумағында орын алған әрбір мерекелік іс-шара мен театрлық қойылымдарға билет брондап алуға болады. Бүгінгі күнге дейін портал арқылы 138 мыңнан аса онлайн билет сатып алынды.

Одан өзге, «Kazakh tourism» АҚ-ның «e-qonaq» жүйесін Шымкент қаласының қонақүйлерінде орналастыру жұмыстары жүруде. Бүгінде Шымкент қаласының 76 орналастыру орнында аталған жүйе енгізілген. Ол жүйе көші-кон полициясына барып, уақыт жоғалтпай, тоқтаған қонақүйде тіркеуден өтуге мүмкіндік береді.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖАҢА ЖОБАЛАР

Шымкент қаласы әкімі Мұрат Әйтеновтің төрағалығымен кезекті инвестиция штабының отырысы өтті. Жиын барысында 2022 жылдың 4 айында негізгі капиталға салынған инвестициялардың игерілуі мен хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы талқыға түсті.



Инвесторлар «zoom» платформасы арқылы байланысқа шыққан қала басшысына жаңа жобалар туралы баяндады. Негізінен құрылыс, жеңіл өнеркәсіп және әлеуметтік сала бойынша жалпы 9 жаңа жобаның жүзеге асыру мәселесі қаралды.

Атап айтқанда, Wenzhou Xuzhan Investment Co., Ltd. керамика плитасының өндірісі, «ПолиГрейд Казахстан» ЖШС-нің газ және суға арналған полиэтилен құбырын шығаратын кәсіпорны, «Ұлан-Б» ЖШС жеміс пен көкөніс сақтайтын мұздатқышы бар қойманың құрылысы, «Kazakhstan Invest Company» мекемесі электр энергиясы өндірісіне қажетті жабдық шығаратын зауыт құрылысы, «Юг Oil Pro» ЖШС асфальт битумдарын өндіретін және сақтайтын кәсіпорны, «КазТекстильПром» компаниясының жіп иіретін текстильдің құрылысы, «PAGES» ЖШС қағаз өндіретін зауыт, кәсіпкер Алтынбек Өтебаевтың тері өнімдерін өндіретін және «Grand Nomad» ЖШС-нің спорт кешені құрылысы жобалары ұсынылды.

Жоба құны 13,5 млрд теңгені құрайтын керамика плитасы өндірісі жобасы 200 адамды жұмыспен қамтуды көздеуде. Қазіргі таңда «Жұлдыз» индустриалды аймағынан 25 гектар жер беру қарастырылуда.

Жылына 100 млн метр тамшылатып суаратын таспа мен 9000 тонна дайын полимер бұйымдарын шығаруға қауқарлы кәсіпорын 30 адамды жұмыспен қамтымақ. «Жұлдыз» индустриалды аймағынан 3 га жер бөлу жоспарланып отыр. Жобаның құны — 1,3 млрд теңге. Жылына 10 000 тонна электр энергиясы өндірісіне қажетті жабдық шығаратын зауытқа да 10 га жер телімі қажет.

Асфальт битумдарын өндіретін және сақтайтын жобаның құны 300 млн теңгені құрайды. Жеке инвестор жылына 255 мың тонна асфальт өндіруді қолға алмақ. Ал 897 адамды жұмыспен қамтуға арналған текстиль жобасының құны — 15,2 млрд теңге. Кәсіпорын жылына 10 440 тонна иірілген мақта жіп пен 18,9 млн шаршы метр мата тоқуға қауқарлы. Сондай-ақ жылына 3,6 млн орам қағаз шығаратын мекемеге «Өңтүстік» индустриалды аймақтан жер бөлу жұмысы қаралуда.

Қала әкімі жаңа өндіріс орындары қаламыз үшін маңызды екенін, ұсынылған жобаларға қолдау көрсетілетінін мәлімдеді. Индустриалды аймақтардан қажетті жер беріледі. Шаһар басшысы жобаның жүзеге асырылуы барысында кездесетін мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

«ТАССАЙ» ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖОБАЛАР

Шымкенттегі «Тассай» индустриалды аймағында биылғы жылы жалпы құны 3,5 млрд теңгені құрайтын 150 жаңа жұмыс орнымен 5 инвестициялық жоба іске қосылады. Құрылысы жүріп жатқан кәсіпорындарды шаһар басшысы Мұрат Дүйсенбекұлы аралады.

Әуелі мұнаралы крандар мен лифт шығаратын «Kaspy service» компаниясына барды. Құрылысы 2021 жылы басталған зауыт келесі жылдың ортасына дейін аяқталып, іске қосылады. Бүгінде



құрылыстың 30 пайызы атқарылған. Кәсіпорын жылына 10 бірлік өнім шығарады. Жалпы жоба құны — 750 млн теңге. Пайдалануға берілсе, 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Одан кейін медициналық зертханаға қажетті вакуум түтіктерін өндіретін «Экофарм интернейшл» ЖШС-ін аралады. Құрылысы 2019 жылы басталған жобаның 1 кезеңі аяқталған. Пайдалануға беру мерзімі 2023 жылға көзделіп отыр. Кәсіпорын іске қосылғанда, жылына 70 млн дана медицинаға қажетті құрал өндіруге қауқарлы. Сондай-ақ 200 адам жұмыспен қамтылады.

Келесі нысан медициналық зертхана жабдығын өндіретін «Bio Etica» және «Про-Тек-МП» бірлескен ЖШС. Жылына 1 млн дана жабдық шығаратын зауыттың құрылысы 2020 жылы басталған. Бүгінде құрылыстың 90 пайызы орындалған кәсіпорын осы жылдың соңына дейін іске қосылады. Аумағы 0,25 га жерге орналасқан жобаға 125 млн теңге қаржы тартылған. «Қалада өндіріс орындарының көп болғаны



өте маңызды. Кәсіпкерлер тарапынан ұсынылған жобаларға әрдайым қолдау көрсетуге әзірміз. Енді іске қосылғалы тұрған осы кәсіпорындарға 2020 жылы «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы аясында «Тассай» индустриалды аймақтан жер бөлінген болатын. Бұдан да өзге мәселелерді бірге шешуге дайынбыз», — деді қала әкімі.

Шымкент қаласы «Тассай» индустриалды аймағында орналасқан «Alem luxury» ЖШС-нің құрылысы жуырда аяқталды. Жиһаз өндіруге бағытталған фабрика жылына 5 мың өнім өндіруге әлеуеті бар. Жобаны жүзеге асыруға 500 млн теңге тартылған. Шаһар басшылығы индустриалды аймақты аралау барысында кәсіпорынның жұмысымен танысты.

Келесі нысан — «DentaFill Kazakhstan» ЖШС. Дәрілік және гигиеналық заттарды өндіретін компания жылына 10 млн дана өнім шығаруға әлеуеті бар.

Бүгінде нысанның құрылысы аяқталып, қажетті құралдармен жабдықталуда.

Одан кейін М.Әйтенов «Smart eng» жиһаз фабрикасында болды. Жылдық әлеуеті 120 мың жиһаз өндіретін кәсіпорын жақын арада ресми түрде өз жұмысын бастағалы тұр. Нәтижесінде 100 адам жұмыспен қамтылмақ.

Аумағы 2 гектар жерге орналасқан фабриканың құрылысы 2021

жылы басталып, оған 750 млн теңге инвестиция тартылған.

«Кәсіпорын ашуға ықылас білдірген кәсіпкерлердің барлығына өз тарапымыздан түрлі бағытта қолдау

көрсетуге дайынбыз. Қаламызда зауыт, фабрикалардың көптеп салынуы қала экономикасына оң әсерін тигізумен бірге, азаматтарымыз тұрақты жұмыспен қамтылады. Ендігі кезекте жұмысшылардың еңбек шарттарында көрсетілген барлық қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілуі керек», — деді қала әкімі.

КӘСІПКЕРЛЕР БИЗНЕСТІ ОНЛАЙН ТІРКЕЙ АЛАДЫ

Бүгінде заңды тұлғаларды тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін (*шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін*) есептік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет «Электронды үкіметтің» веб-порталында толық автоматтандырылған. Осылайша бұл қызмет адами фактордың қатысуынсыз, электронды хабарлама беру арқылы жүзеге асырылады. «Азаматтарға арналған үкіметтің» Шымкент қалалық филиалы өкілдері бұл қызметті қалай рәсімдеу керегін айтып берді.



Жаңа жауапкершілігі шектеулі серіктестік ашу үшін кәсіпкерге жарғы қажет емес, тіркеу жарнасын төлеудің немесе салық басқармасына барудың қажеті жоқ. Тек компьютер мен электронды цифрлық қолтаңба болса, жеткілікті. Тіркеуге egov.kz сайтындағы нұсқауларды орындау арқылы 30 минуттан аз уақыт кетеді.

Осылайша шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға құрылтайшы (*құрылтайшылар*) ҚР ӘМ белгілеген нысан бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама береді. Электронды хабарлама «Электронды үкімет» веб-порталында толтырылады және беріледі.

Бұл ретте шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғылары (*ережелері*) мемлекеттік тіркеу процесінде ұсынылмайды. Тиісті өрістерді толтырғаннан кейін жүйе барлық деректің дұрыстығын тексеруді сұрайды. Егер дұрыс болса, ақпараттар жүйеде өңделеді және ЖШС тіркеу туралы анықтама 30 минуттан кейін беріледі.

Бетті дайындаған Мәлдір КЕНЖЕБАЙ, Шымкент қаласы

Туризм-2022

Біздің грек елімен қарым-қатынасымыз мығым. Мәдениет пен ғылым-білім саласындағы байланыс жыл өткен сайын нығайып келеді. Арадағы сауда айналымына да өкпе жоқ. Тек барыс-келіс жағы кемшін.

Басқа танымал бағыттармен салыстырғанда, грек жағалауына біздің туристердің аяғы онша жете қойған жоқ. Оған бір есептен жол машақаты кедергі.



КЕТТІК... КРИТКЕ!

Air Astana Алматы-Ираклион бағытында рейс ашты



Air Astana әуе компаниясының маркетинг және сату бойынша вице-президенті Әділ Дәулетбек өз сөзінде: «Крит бағытында рейстің ашылуы Air Astana компаниясының Еуропадағы туристік бағыттарын кеңейтудегі тағы бір маңызды қадамы болып отыр. Жолаушылар әуе компаниясының жоғары сапалы қызметін тиісті дәрежеде бағалайды деген үміттеміз», — деді.

Оның айтуынша, компания грек еліне рейс ашуды бұрыннан жоспарлап қойған. Оны жүзеге асырудың биыл ғана сәті түсті. Үш айдан бері дайындық жұмыстары жүргізілген. Сөз арасында айта кетейік, бір-екі апта бұрын Нұр-Сұлтан қаласынан да Ираклионға рейс ашылатыны хабарланған болатын. Әділ Дәулетбектің айтуынша, бұл бір жағынан шенген визасын алумен де байланысты. Ертерек қамданбаса, оған да біршама уақыт керек. Сондықтан Критке әзірге Алматыдан ғана ұшуға болады.

Қазақстанның Грекиядағы Елшісі Ерлан Баударбек-Қожатаев

карай дамуына ықпалын тигізеді. Сондай-ақ іскерлік серіктестік нығайып, жаңа келісімшарттар жасалатыны сөзсіз», — деді ол.

Ал Ираклион әуежайының менеджері Джордж Плиакас: «Ираклион әуе қақпасын жаңа туристік бағыт үшін айқара ашты. Осылайша өз тізіміне тағы бір елді қосты. Біздің мәдени және туристік байланысымыз Air Astana компаниясы рейстерінің арқасында одан сайын беки түспек. Таяу жылдары біздің жаққа қарай компания рейстері көбейіп, қазақстандықтар Грекияның қонақжайлығына көз жеткізеді деп сенемін».

Расымен де, грек халқы қонақжайлық жағынан қазақтан еш қалыспайды. Оған біз Air Astana ұйымдастырған баспасөз сапарында көз жеткіздік.

Тағы бір маңызды ақпарат, Грекия коронавируспен байланысты бүкіл шектеуді алып тастады. Шекарадан өткенде ПТР-тест те, вакциналау құжатын да сұрамайды. Бетперде киіп жүргендер некен-саяқ. Негізінен туризммен күнелтіп отырған ел биылғы жылдан жақсылық күтетін сияқты. Оны бізді алып жүрген жолбастаушылар да жасырмады. 8 маусымнан бастап біздің шекарада да ПТР-тест пен вакцина құжаты талап етілмейді.

демалам деушілерге таяу арада жаңа бағыт ұсынбақ.

Алты сағаттан астам уақыт өткенде Air Astana ұшағы Ираклиондағы Никос Казандзакис (алемге әйгілі грек жазушысы) әуежайына келіп қонды. Іште ұшқыштың шеберлігіне тәнті болған жолаушылар қол соғып ризашылығын білдіріп жатқанда, сырттағылар ұшақтың қос қапталынан су шашып қарсы алды. Қай жерде де инаугурациялық рейске осындай құрмет көрсетіледі. Ираклион әуежайы да осы дәстүрден айныған жоқ.

Көп өтпей Крит аралының топырағына біздің де табанымыз тиді. Әудем жерде теңіз толқиды. Суы ерекше көкпенбек. Құдды суретшінің қылқаламынан шыққан сурет сықылды. Өз көзімізге өзіміз сенбей, көк теңізге қайта-қайта көз тастаймыз.

Біраздан соң біз әуежайдың ішінде өткен баспасөз мәслихатында отырдық. Алғашқы рейстің ашылуына арналған басқосуға Қазақстанның Грекиядағы Елшісі



Ерлан Баударбек-Қожатаев, Air Astana әуе компаниясының маркетинг және сату бойынша вице-президенті Әділ Дәулетбек, Ираклион қаласы әуежайының басқарушы менеджері Джордж Плиакас және басқалар қатысты. Жергілікті журналистер де көп жиналыпты.

биыл Қазақстан мен Грекия ынтымақтастығы үшін айрықша жыл екенін атап өтті.

«Екі мемлекеттің арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына биыл 30 жыл. Әуе қатынасы туризм саласын дамытып, арадағы мәдени байланыстың әрмен

Еске салайық, Air Astana компаниясының Airbus A321LR әуе кемесі Ираклионға аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері ұшады.

Гүлнар АХМЕТОВА,
Алматы — Ираклион — Алматы

Қаржы

Қазақстан Қаржы мониторингі агенттігі (ҚҚМА) мен букмекерлер қауымдастықтары заңсыз табыс айналымы мен терроризмді қаржыландыруға қарсы бірлесе әрекет етеді. Жуырда қол қойылған арнайы құжат осы мақсатты көздейді.



Ел астанасында Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігі мен «Қазақстан Республикасы «Букмекерлердің өзін-өзі реттеу және лотерея бизнесі ұйымы» қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі (ЗТБ) және «Қазақстан букмекерлер қауымдастығы» арасында меморандумға қол қойылды. Бұл құжат «Қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастыру (ақтау) және терроризмді қаржыландыруға тосқауыл қою саласында ынтымақтастық пен өзара ықпалдастық туралы меморандум» болып табылады.

Қол қою рәсіміне арналған іс-шараға төрағалық еткен Қазақстан ҚҚМА төрағасының бірінші орынбасары Ғабит Садырбеков қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастыру және терроризмді қаржыландыруға тосқауыл қою саласында жеке сектордағы компаниялардың өкілетті органмен өзара ықпалдастығының аса маңызды екенін атап өтті.

Спикер осы мәселеге орай: «Мен заңсыз (ақша) айналымға қарсы жүйе деген ұғымға тоқталғым келеді. «Қаржы

мониторингі агенттігі — өкілетті орган. Ендеше сол мекеме табысты заңсыз айналдыруға қарсы тұрсын» дейтін қате пікір бар. Шын мәнінде, ақшаны заңсыз айналдыратындармен тұтас бір жүйе күресуі тиіс. Осы жүйеге тек біздің агенттік қана емес, сонымен қатар қаржы мониторингіне жататын барлық

ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМҒА ТОСҚАУЫЛ

субъектілер де кіреді. Атап айтқанда, банктер, ойын бизнесі, түрлі қаржы және төлем ұйымдары, орталық депозитарий. Бұл қорғаныстың алғы шебі», — деді.

Қазақстан ҚҚМА Қаржы мониторингі субъектілерімен жұмыс жөніндегі басқарманың жетекшісі Ульзана Сыздықова еліміздегі ойын бизнесі субъектілерінің осы салаға жауапты реттеушімен, яғни еліміздің мәдениет және спорт министрлігімен өзара ашық ықпалдастығының болуы ерекше маңызды екеніне тоқталды. Бұл ретте министрлік жүйесінде ішкі бақылау ережелері бойынша талаптарды пысықтау қажет. Өйткені нақ осы ережелер жүріп жатқан барлық процестерді толық түсінуге және түйткіл атаулыны көруге мүмкіндік береді. ҚҚМА осылай деп есептейді. Бұған қоса, ҚҚМА өз қызметінің заңды және жария жүргізілуіне мүдделі болып табылатын букмекерлік бизнестің адал әрі шынайы азаматтық ұстанымын атап өтті.

Өз кезінде букмекер қауымдастықтарының өкілдері Қазақстан Қаржы мониторингі агенттігінің бастамаларын толығымен қолдайтынын мәлімдеді. Басқосуда сөз сөйлегендер осы саланың қызметі жан-жақты ашық болуы үшін барлық күш-жігерін жұмсайтынын айтты.

Қазақстан Букмекерлер қауымдастығының төрайымы Арайлым Сағынтай: «Соңғы екі жылда біз бірнеше рет кездестік. Соның нәтижесінде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып отыр. Букмекерлік кеңселер іс жүзінде Қонаев (бұрынғы

Қанауғай) және Шучинск қалаларында орналасқан. Төлемдердің 99,9 пайызы екінші деңгейлі банктер мен төлем жүйелері, яғни аудару арқылы жүргізіледі. Осыған орай, букмекерлік кеңселердің қызметіне қатысты ақпарат екі рет өңдеуден өтеді», — деді.

Букмекерлердің өзін-өзі реттеу ұйымының президенті Ғалымжан Дуамбеков букмекерлік кеңселердің мемлекеттік өкілетті органдармен ынтымақтастық орнатуға көптен бері дайын екенін атап өтті. Оның пікірінше, ынтымақтастық мемлекеттік мекемелермен тиімді ықпалдастық орнату жолындағы жаңа кадам болмақ. Бұл букмекерлер қоғамдастығына толығымен ашық әрі өркениетті нарық қалыптастыру үшін бәрін жасауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ кездесуде қолға алынған жұмыс ұзақ мерзімді мақсатты көздейді. Ол — толыққанды құқықтық мемлекет құру және ел тұрғындарының шын мәнінде экономикалық



тұрғыдан қауіпсіз әрі жайлы өмір сүруін қамтамасыз ететін қоғам мен бизнестегі азаматтық сана-сезімнің жоғары деңгейін қалыптастыру.

Кездесу соңында тараптар меморандумға қол қойды.

Олжабек БАЙҚУАТОВ

Сәті түскен сұхбат

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Жарлығымен жаңадан үш облыс құрылды. Соның бірі – Абай облысы. Шығыс Қазақстан облысынан енді Абай облысы бөлініп, әкімшілік орталығы Семей қаласы болады.

Шекара шебіндегі өңірдің өркендеуі елдің еңсесін тіктеуіне серпін берері сөзсіз.

Өткен жылды қорытқанда халық денсаулығына жауаптылар облыс ковидке қарсы екпе алуда елімізде алдыңғы орында тұрғанын айтты. 18 жастан асқан облыс тұрғындары түгелге жуық тәжтажалға қарсы екпе алған. Осы істі ілгері өрістету жолында 343 егу кабинеті ашылып, жылжымалы пункттер мен мобильді кешендер іске қосылды. Ауыл-ауылды, иен даладағы елді мекендерді аралап, тұрғындардың індетке қарсы иммунитетін көтеруге септігін тигізді. Еліміздің шығысына барған сапарда негізінен медициналық орталықтарды араластудың орайы туды. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметовпен сұхбатымыздың желісі денсаулық саласы бойынша өрбіді. Өйткені өндірістің орасан орындары осы шығыс топырағында орналасқан.

Жас қазақ: Даниял Кенжетайұлы, Шығыс Қазақстан облысы әр саланы өрістету жолында өзге өңірмен салыстырғанда тегеурінді. Оған себеп те бар, жердің асты да, үсті де қазба байлыққа толы, тұмса табиғаттың сұлулығына тамсанғанда көзіннің сұғы өтеді. Біз сұхбатымызды «бірінші байлық» төңірегінде өрбітсек дейміз. Соңғы бес жылдың ішінде өңірдің медициналық әлеуетін арттыру мақсатында халықаралық стандарт пен қатаң талап сүзгісіне төтеп беретін заманауи 3 мыңнан астам медициналық құрал-жабдық сатып алынған екен.

Даниял Ахметов: Қазақ «бірінші байлық — денсаулық» деп тегін айтпаған. Бірінші байлықты күтімге алу, халық денсаулығының жақсаруы, ару-сырқау, өлім-жітім көрсеткішінің төмендеуі үшін атқарылар жұмыс әлі де шаш етектен. Бес жыл ішінде сатып алынған жабдықтардың нәтижесінде медициналық техниканың көлемі 2,5 есеге артты. Жедел жәрдем паркінің автокөліктері жаңартылып, 200-ден астам жана көлік сатып алынды.

Бұл күнде әлем денсаулық саласын ядролық медицинамен емдеуді үлкен күшке айналдырып, шарапатын көріп отыр. Өркениеттің көшінен біз де қалмауымыз керек. Сол мақсатта диагностика және терапия біздің облыста қарқынды дамып келеді. Семей қаласында радиофармпрепараттар өндіретін, радионуклидтік диагностика мен терапия жүргізуге дейінгі процестерді іске асыратын ядролық медицинаның бірегей орталығы ашылып, іске қосылды. Радионуклидтік терапия бөлімшесі — еліміздегі теңдесі жоқ жалғыз орталық. Емдеу ісі әлемнің осындай орталықтарымен шендесе алады. Радионуклидтік терапия «емі жоқ аурудың» өзін емдеуге мүмкіндік тудырады. Қаншама адам емделіп, диагностикалық зерттеулер жүргізілді.

Тарихи қала Семейдегі перинаталдық кешенінде балаларды оналту және катанез орталығына жаңарту, жаңғырту жұмыстары жасалды. Шығыс Қазақстан облысының орталығында маммология мен гинекологияның жансақтау бөлімшесіндегі ота жасалатын блогына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңғыртылды. Гематология орталығының құрылысы жүргізілді. Жасушалық әрі гендік-инженерлік технологияларды пайдаланудың ресурсы жоғары. Облыстың медициналық ұйымдарының материалдық-техникалық базасын күшейтіп, жаңғырту мақсатында 2 компьютерлік томограф, бірнеше рентген-аппараты алынды, Үржар ауданы Алакөлін жағалауында фельдшерлік-акушерлік пункт салынды.

Жас қазақ: Соңғы жылдары шығысқазақстандық медицина мамандары әлем елдерінде тәжірибе жинау, шеберлік шыңдап, білімін жетілдіру ісі де кезең-кезеңімен жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Даниял Ахметов: 2017 жылдан бастап кардиология, оның ішінде кардиохирургия, инсульт орталықтар, нейрохирургия, медициналық оналту, онкология, акушерлік және гинекология салалары бойынша әлемнің алдыңғы қатарлы орталықтарында

Даниял АХМЕТОВ, Шығыс Қазақстан облысының әкімі:

МЕМЛЕКЕТКЕ ҮЛКЕН АМАНАТ – ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ



мамандарымыз тәжірибе алмасып, шеберліктерін шыңдап қайтты. Англия, Германия, Польша, Ресей, Италия, Литва, Израиль, Жапония сынды елдерде болды. Әлі де барып, білімін жетілдіріп келіп жатыр. Медициналық кадрларды оқыту

бағдарламасының аясында 5 жыл аралығында 5 мыңнан астам медицина қызметкері оқып келді.

Өскемен қаласындағы 1947 жылы облыстық онкологиялық диспансер ретінде ашылып, бертінге дейін Шығыс Қазақстан облыстық онкологиялық диспансер ретінде қызметін атқарып келді. 2018 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облыстық көпсалалы «Онкология және хирургия орталығы» деп өзгертілді. Орталыққа айналған медициналық кешенді аралап көріңіз, кейбір заманауи құрылыстарды мен Алматыдан таппайсыз деп мақтанышпен айта аламын. Халықтың денсаулығын жақсартуға алабөтен көңіл бөліп, тәуекелге бел буудың нәтижесінде көптеген жетістікке жетіп келеді. Қатерлі ісік патологиясы бар науқастардың сырқатын диагностикалық талдаулар арқылы анықтау және сырқатын емдеу шараларын халықаралық стандартқа сай жүргізу осы орталықта жүзеге асырылып жатыр. Консультациялық-диагностикалық бөлімшеге консультациялық блок, амбулаториялық хирургия орталығы, амбулаториялық химиотерапия кабинеті, эндоскопиялық блок, оналту блогы қарайды.

Жас қазақ: Ертеректе шығысқазақстандықтардың да сырқатын емдетпестен бұрын дәрігердің алдына барып кенесін алу, диагностикалық зерттеу жүргізу үшін Алматы, Астанаға сабылғаны рас. Көпсалалы «Онкология және хирургия» орталығының медициналық құрылғылары да,

заманауи жабдықтары да әлемдік стандартқа сай екенін аралағанда көрдік. Демек, жергілікті халық енді бұрынғыдай табанынан тозбайды, жақын жерден тексеріле алады деген сөз.

Даниял Ахметов: Дәл солай, осы күнге дейін науқастар алдын ала жазылып, уақыты келгенде ғана тексерілуге жететін. Қазір жағдай мүлде басқаша, қайта пациент өзі қалаған уақытына жазылып, ыңғайлы мерзімде тексерістен өте алады. Қорытындысын арнайы базадан жергілікті дәрігері арқылы шығарып алуына да мүмкіндік қарастырылған.

Шетелдік компаниялардың озық технологиясын сатып алмастан бұрын мамандарды оқуға жіберіп, тәжірибесін, шеберлігін шыңдап, көздерін үйреттік. Содан кейін орталыққа түрлі аппараттар мен медициналық жабдықтарды сатып алдық. Барлығы да заманауи, озық технология үлгісі болып саналады. Шетелдің мамандары келіп, біздің кадрларды баулыды, тәжірибесімен бөлісті. Соның нәтижесінде осы онкология және хирургия орталығы мамандарының басым көпшілігі шетелде білімін жетілдірді. Ертеректе тәжірибе алмасуға екі апта мерзімге барып келсе, енді оларды біз 1-3 ай аралығында оқуына жағдай жасап, орай туғызып бердік. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев халықтың денсаулығына баса көңіл бөлуі қалап айтып, жүйелі тапсырмаларды жүктенді. Бұл салада әлі де атқарылар шаруа жеткілікті. Айылды босатып, еркінсуге болмайды. Шығыс Қазақстан облысында алдыңғы орында екпе ауруы тұр. Халықтың денсаулығына бақылау орнату мақсатында скринингтік тексеру жүргізіледі. Тіпті сенбі-жексенбі күндері де ашық есік күндері болады. Жұмыс уақытында келе алмаған жандар осындай ашық есік күнінде тексерілуіне қолайлы жағдай жасап отыр.

Сұхбаттасқан Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ, Өскемен қаласы

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТА СТУДЕНТ НЕМЕН АЙНАЛЫСАДЫ?



Жаз – оқушылар мен студенттердің асыға күтетін мезгілі. Емтихандар аяқталып, кеудені көре «уһ» деп тереңнен тыныс алатын сәт. Бірақ сол бос уақытың кенеттен көбейгенде не істерімізді білмей абдырап қаламыз. Бүгінгі студенттер жазғы демалыстағы бос уақытын қалай өткізеді екен?



Айдана АНАРБЕКОВА, ҚазБСҚА студенті:

«Жазғы каникулда өзіме лайықты жұмыс орнын тауып, жұмыс істеймін. Болашақ дизайнер болғандықтан, сурет салу қабілетімді дамытамын. Соңғы кезде жастар табиғат аясында демалуға ден қоя бастады. Жаз айы болғандықтан, достарыммен көңіл көтеріп, Алматы облысына кішігірім саяхат жасау жоспарымызда бар»



Әсел ИСАЕВА, Республикалық Жоғары медициналық колледж студенті:

«Мен өзім басқа қалада оқығандықтан, ауылға қайтамын. Отбасымның жанында, ауылдың ерекше атмосферасында демаламын. Жазда уақытымды тиімді өткізу мақсатында жұмыс істеймін. Одан кейін құрбыларыммен қыдырып, түрлі тарихи орындарды көруге барамыз. Әрі оқуымды да ұмытпаған дұрыс шығар. Әсіресе, ағылшын тілін жетік меңгеруге күш салсам деймін. Жазғы демалысымды осындай қызықты да пайдалы өткізім келеді».

Аяулым ӘДІЛХАН, Абай атындағы ҚазҰПУ студенті:

«Жазғы демалыста отбасыммен, достарыммен бірге боламын. Сіңділеріммен бірге ойындар ойнап, ата-анам көмектесемін. Ағылшын тілін үйренсем деймін. Сонымен қатар, жаз айында бос уақыт пайда болғандықтан, өзіме ұнайтын істермен айналысып, жаңа нәрселерді жасап көремін».



Дәулет ӨЗБЕКОВ, Тұран университетінің студенті:

«Жазғы демалыста әдетте ауылға атам мен әжеме баратыным. Бірақ биылғы жазға жоспарым басқа. Өйткені қазір «Құрақ» атты сериалдың түсірілімінде жүрмін. Ал ішкі айында «Рензо» тобымен ел аумағында сапарға кетеміз. Менің жазғы демалысым осылай өтеді»



Сөйтіп, сауалнама нәтижесі көрсеткендей, бүгінгі студенттердің көбі өз уақытын сауық-сайранға емес, еңбек етіп, жаңа іс үйренуге жұмсайды екен. Бұл расында да көңіл көншітерлік жағдай. Жаһандану заманында «жастар әлеуметтік желінің шырмауында» деген пікірді жоққа шығарып, болашақ қамын ойлап жүрген студенттерді көргенде, Мағжан атамның «көк аспанды көздеген жас қырандар» дегені еске түседі.

Дайындаған Айшат НАҚА, «Туран» университетінің 2-курс студенті

Еске алу

Еліміз тәуелсіздігін енді жариялап, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев президент ретінде ант қабылдағанда ең алғаш сұхбат алғандардың бірі тележурналист Тыныс Өтебаев болатын. Содан 1993 жылға дейін екі жыл қатарынан тұңғыш репортері есебінде Президенттің жанында жүріп, көптеген елдерге бірге сапарлады. Сондағы жүргізген салиқалы да салмақты репортаждары күні бүгінге дейін көрермендердің есінде.



ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұшақ бортсында журналист Тыныс Өтебаевқа сұхбат беруде



Дикторлар Т.Өтебаев және М.Айымбетова «Жаңалықтар» бағдарламасын жүргізуде



Дикторлар тобы. Алдыңғы қатарда – Т.Өтебаев, В.Иванов, екінші қатарда оң жақта Ә.Бөлекбаев

Өмір-өзген арнасында

ТМД елдеріне барған кезінде сол елдердің Президенттерімен болған еларалық байланыс пен болашақ жайлы әңгімелер, шетелдің айтулы тұлғаларымен жүргізген сұхбаттары да өз алдына бір төбе. Хельсинки қаласында өткен ЕҚЫҰ-ның бірінші отырысында Қазақстан атынан жазушы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Оралхан Бөкей екеуі ғана болған. Бірі газетке мақала жазса, екіншісі қазақ және орыс тілдерінде телерепортаж жүргізген. КСРО-ның соңғы президенті Михаил Горбачев елімізге келіп, Қазақстанды аралаған кезінде үш күн бойы оның қасында бірге болды. Әлем баспасөзінде «темір леди» атанған Ұлыбританияның премьер-министрі Маргарет Тетчермен, Ресей президенті Борис Ельцинмен, Палестинаны азат ету ұйымының басшысы Ясир Арафатпен, Түркияның әр жылдардағы президенттері Түрүт Озал және Сүлеймен Демирел, Германияның канцлері Гельмут Коль, АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Альберт Гормен жүргізген сұхбаттары да Тыныс Шындәулетұлының телеэкран саласындағы игілікті жұмыстарының бірегейге баланған туындылары. Ол кездегі телерепортер саясаттан да, мәдениеттен де және өзге де салалардан терең хабардар болуымен бірге, одан жан-жақтылық әрі талдамалық сипаттағы біліктілік қабілеті талап етілетін. Оған қоса, білімін де, ой-өрісін де, парасат-пайымың да — бәрі-бәрі бір бойыннан табылуы шарт болатын.

Былай қарағанда, Тыныс Өтебаевтың өмірбаянында айта қаларлықтай өзгешелік жоқ. Қатарластарынан қалмай мектеп бітірген соң Ташкенттегі электромеханиктер даярлайтын техникумды тәмамдап, трактор жинау заводында elektrik болып жұмыс істеген. Үш жыл әскери борышын өтеп оралғаннан кейін ауылда монтер болған. 1967 жылы өзбек радиосы қазақ тілінде хабар тарату үшін дикторлық қызметке конкурс жариялаған кезде жеңімпаз атанып, радио мен теледидардағы өмірбаянын бастайды. Сәл кейінірек орыс тілі мен әдебиеті институтында студент болып жүріп, өзбек телестудиясының «Замандас» бағдарламасын ашуға атсалысады. Ташкенттегі қазақ жастарының «Жас түлек» ұйымын құруға ұйтқылық етуі де сол тұсқа дөп келеді.

— Көп жылдар өтті ғой, ол кісінің аты-жөнін айтпай-ақ қояйын, — деген еді бір кездескенімізде. — Өзбекстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші хатшысымен радио, теледидарда жиі-жиі жүздесіп жүретімін. Бір күні қабылдауына шақыртыпты. Үлкен қызметтегі адам ғой, не дер екен деп алып-ұшып жеттім. Тілі майда, ойын лақ еткізіп ақтара салмай, менің жас екенімді, болашағымның жарқын екенін мәйін тілімен милаздап жеткізді. «Біз сені өсіреміз, бірақ ол үшін құжаттарындағы жазуды жөндеу керек», — деді. Нені меңзеп тұрғанын ішім сезе қойды да, бір мезет аузым буылып отырып қалдым. Қаным басыма шапшылды. «Жок, олай ете алмаймын!» — дедім булығып. Ана кісі өнін де, үнін де өзгертпестен: «Өкінішті-ақ, Тыныс ака!» — деді.

Міне, сол кездесу өзбек тілін де, орыс тілін де өз тілінен кем білмейтін Тыныс Өтебаевтың ойын біржолға өзгертті. «Көзге шыққан сүйелдей болмай, кетейін» дейді өзіне-өзі. Дәл сол тұста бір топ өнерлі қазақ жастары концерттік сапармен Қазақстанға бара жатқан. Тыныс Шындәулетұлы солармен бірге келіп Алматыда, Ұзынағашта өнер көрсетеді. Қазақ теледидары олар жөнінде арнайы хабар дайындайды. Ол хабарды Тыныс жүргізеді. Экран алдындағы еркіндігі, әлемі қоңыр даусы, келісті кескіні теледидар басшыларының назарын аударады. Қызметке қал деп ұсыныс айтады. Оның да көңілінің қалауы сол болатын, осылай ол кісі республикалық теледидардың басты хабарларының жүргізуші дикторы болып шыға келеді.

80-жылдары Қазақ теледидарында киноредакция құрылып, бас редакторлық қызметке конкурс жарияланады. Оған қатысқан Тыныс Шындәулетұлының бағы жанды. 1990 жылы осы қызметтен «Қазақстан» информациялық бағдарламасына бас редакторлыққа ауысады. 1992 жылы Қазақ мемлекеттік телерадиокомитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылатылады. 1994 жылы «Шарайна» (бұрынғы «Қазақстан») информациялық бағдарламасына бас редактор болады. Содан кейінгі жылдары «Қазақтелефильм» бас редакторының орынбасары, Қазақ теледидары «Қылмыс пен жаза» хабарының, «Ақшам» информациялық бағдарламасының, «Шапағат», «Шамшырақ» сазды-информациялық бағдарламаларының бас редакторы қызметтерін абыроймен атқарады. Ол жүргізген «Кино және

біз», «Қазақфильм» туындысы, «Ғасырлар тағылымы», «Кино тарихы» циклы Қазакстан Журналистер одағы мен Қазақстан тарихи және мәдени ескерткіштер қорғау қоғамының арнайы тағайындаған жүлдесіне ие болады. Тағылымы терең Мәшһүр Жүсіп Көпеев жайлы хабарын деректермен толықтыра отырып, 1992 жылы екі сериялы деректі фильм етіп қайта шығарады. Осы редакцияда қызмет атқарған жылдары Әбіш Кекілбаевпен бірге Маңғыстау өңірінің тарихи және мәдени ескерткіштерінің алуан саладағы проблемасына арнап талай игі істеріне мұрындық болған телехабарлар топтамаларын жасайды.

— Шығармашылық жолымда көптеген мемлекет басшыларының ішінде Маргарет

аға, сіз ештеңеге әуре болмаңыз, бәрін өзіміз жасаймыз» — деп, Аккүміс ас бөлмеге қарай ұмтылды.

Аға тура біздің тосыннан топ етіп келе қалатынымызды білгендей, етті молдау турап, қапуста мен картопты булап, пісіріп қойыпты. Әні-міне дегенше үлкендеу легенге салған тамағымыз алдымызда буы бұрқырап тұрды. Оның үстіне өзіміз де қамданып келгенбіз. Гріліміз де, жылқының етінен жасалған мұсылман шұжығы да, тіске басар басқа көк-сөгіміз де үстелдің үстін жайнатып жіберді.

Тыныс аға өзім құрастырып шығарған «Алматы 1986 Желтоқсан» айғақ-кітаптарының көбін оқыған. Келгендер — сол кітаптардың кейіпкерлері. Үстелдің айналасына жайғасқан

соң орнымнан тұрып, шетінен таныстыра бастадым.

— Аға, оң жағыңызда отырған Жұлдызай Бейсенбаева қарындасыңыз. Нағыз батыр! «Алаңа кіл өңкей алқаштар, нашакор, жұмыс істемейтін бұзакы қазақ жастары шықты» деп құстаналамап па еді, сол уақытта. Жұлдызай қарындасыңыздың жолдасы Қаскелең ауданындағы «1-Май» совхозының директоры, ал өзі соның алдында ғана Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясында оқып, экономика ғылымдары кандидаттық диссертациясын қорғап, Қаскелең аудандық партия комитетіне жауапты қызметке орналасуға бұйрық күтіп жүр екен. Ал мына шәй құйып отырған қарындасыңыз оралдық. Бұл да осал қыз емес! Гагарин атындағы тігін фабрикасының бетке ұстар тігіншісі, коммунист болған. Алматы технология институтының екінші курсында сырттай оқып жүрген. Есімі Аккүміс, — деп



келе жатыр едім: «Талғат-ау, мен білем ғой. Өзіңнің «О дүниеде келген қыз» деген мақаланнан білемін. Өліп, тірілген қыз емес пе?» — деп, сөзімді іліп әкетті. Ағаның бұл сөзі бәріміздің көңілімізді одан бетер өсіре түсті. Өйткені ол кісі алаңдағы жастарды мұздай сүмен атқылаған өрт сендіруші машинаға от қойған, әскерилердің машинасынан алынған ракетнидамен Үкімет үйіне, Колбин бізге қарап тұрған терезе осы шығар деп, атқылаған батырлардың бірі Ертас Отарбаевтың ерлігін де мығына күлкі үйіре отырып еске алды...

Сол отырыстан кейін бір барғанымда Шолпан жеңешем осы әңгімені ойына оралтты:

— Мен дәрігерден кейін тағы бір жерге соғып келсем, Тыныс «Сен жоқта қонақ құттым. Талғаттың желтоқсанның достары. Шәйді де өздері қойды, дастарханды да өздері жайды. Мені құрметті қонақ етіп тақ төрге отырғызып қойды. Әлемі отырдық. Қыздары керемет екен, ыдыс-аяқтың бәрін жуып-шайып, бәрін өз орнына қойып кетті» дейді. Сенер-сенбесімді білмей ас бөлмеге кірсем, бәрі айтқанындай, ып-ырас, — дейді.

Өткен күн — бүгінде естелік. Жан дүниелері қылаусыз таза менің желтоқсанның батырларым жүрген жерлерінде Тыныс аға туралы сондай ризашылықпен, қимас сезіммен әңгіме айтады. «Қандай қарапайым кісі. Қандай ғажап адам! Қонаев ағамыз жөнінде өте көп біледі екен. Сендердің алаңдағы бейбіт шерулерін де, жан-жақтан келген әскерилермен болған қактығыстарың да әлі күнге дейін көз алдымда тұрады. Сендер — қазақтың ар-намысыңдар, халқымыздың абырой-данқысыңдар. Сендердің ерліктерің мәңгілік, ол әлі-ақ өз бағасын алады» деп айтты дейді. Үлкен адамның аузынан шыққан ұлық сөзді

мақтаныш етіп ауызға алады. Міне, дуалы ауыздан шыққан жақсы сөздің қуат-күші!

Бір жылы ішкі істер саласында қызмет етіп ел-жұртына сыйы артқан Қайып Жұмабаевтың қайтқан күніне балалары құран оқытып, шай беруге Талдықорғанға біраз кісілерді шақырған екен. Біреуінде ана шаруа, енді біреуінде мынадай жағдай деген секілді себеп-сылтаулар шығып, не керек, Тыныс аға екеуімізге баруға тура келген. Уақытында Қайып ағамызбен тонның ішкі бауындай араласып тірлік кешкен кісілердің біразы жиналып қалыпты. Қолхоз басқарып даңқы дүрілдеген, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің мүшесі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің әлденеше дүркін депутаты болған Зылика Тамшыбаева

апайымызды да солардың арасынан ұшыраттық. Ойы озық, көңілі зерек, көрген-білгені көп көшелі кісі емес пе:

— Қазір телеарналардың санынан жаңылдық. Ол заманда бір ғана «Қазақстанды» көретінбіз. Кеш түссе болды, бүгін Тыныс қандай жаңалықты жеткізер екен деп теледидарға телміреміз. Тәртіп те, тәрбие де телеэкраннан тараушы еді. Өртеп кетті, өлтіріп кетті, тонады, зорлық-зомбылық жасады деген секілді жамандықты атымен естімеуші едік... Енді өмір өзгерді, бәрі өзгерді ғой, — деді өңіріне Алтын Жұлдызын жарқыратып таққан Зылика апайымыз.

Тыныс аға абайсызда жамбасын сындырып, содан өмірінің аяғына дейін ауру-сырқаумен алысып, қиын жағдайдың шырмауына байланды. Сондай кездері үнемі үйіне барып, болмаса телефонмен тілдесіп, хал-жағдайын біліп жүрдім. Жаздың шуақты күндерінің бірінде ағаның амандығын білейінші деп телефон шалсам, Шолпан жеңешем «ертең Кореяға ұшқалы жатырмыз» дейді. Осыны естіген соң, жаныма әйелімді ертіп үйлеріне бардым. «Ағайындардың арасынан келген екеуіңсіндер. Ниеттерің қабыл болсын!» деп, Тыныс ағамыз көтеріліп қалды.

Содан қоңыр күз есік ашты. Күнделікті қым-қуыт жұмыспен шапқылап жүріп отыз күндей уақыттың өте шыққанын аңғармай да қалыппын. Хабарласайыншы, келді ме екен деп үй телефон нөмірін тердім. Арғы жақтағы кісі қоңырауымды әдейі күтіп тұрғандай бірден көтерді. Шолпан жеңешеміздің өзі. Даусы ашық-жарқын естілді. «Түнде ғана ұшып келдік. Операция сәтті өтті. Алла қалада, аған енді тәуір болып кететін шығар. Бірақ ұзақ жол шаршатты-ау деймін, қазір демалып жатыр», — деді.

Содан ертесінде де, одан кейінгі күні де бара алмай, сенбі күні хабарластым. Бұл жолы телефон тұтқасын Тыныс ағаның өзі алды.

— Талғатжан, хал қалай? Бәрі дұрыс па? Жиеннің жағдайы қалай, сабағына барып жүр ме? — деп, өзі аузына түкірген Мұсаны сұрады. — Бәрі жақсы. Енді өзіңіз қалайсыз? — дедім.

— Мұнда біздің «білгіш» дәрігерлер менде ала алмай жүрген өштері бардай әбден қинапты ғой. Солардың азабына түспей, ө дегенде-ақ Кореяға баруым керек екен, — деді аға. Менің осы қазір-ақ үйлеріне келуімді сұрады. «Женешен саған арнап бір киім әкелді. Соны киіп кет» деді.

Иә, содан ол не киім болды екен деп жетіп барайын. Құшақтаса қауыштық. Ағаның лидары тәуірлеу көрінді. Шолпан жеңешемнің сүтті қоюлатып құйып берген тәтті шайын сораптап ішіп, біршама әңгімелестік. Ана жакта талай қызықты оқиғаларды бастан өткеріпті. Табиғатынан әңгімешіл кісі емес пе, өзі де күліп, мені де күлдіріп бір шешілді-ау. Соңында жеңешеме қарап ым қакты. Ол кісі көрші бөлмеден қомақтылау пакетті алып келді. Ішінен қара көк түсті бір затты шығарып, бүктеуін жазып қалғанда білдім, тік жағалы күртеше екен.

— Кәне, көзімізше киіп көрші. Талғаттың денесіне шап-шақ болады деп жеңешен Сеулдің дүкендерін аралап, тандап жүріп алып еді, — деді Тыныс аға.

Киіп көрдім. Расында, денеме құйып қойғандай, сәнімен тіккен, шап-шақ күртеше. Жағасы қайырылмайды, тіп-тік.

— Ой, рахмет, аға! Мынау өзі көктем мен күзде үстімен тастамай киетін киім болды, — деп шын көңілден көлкіп шыққан лебізімді жеткіздім.

Сонда ол кісілер де мені қуантқандарына сондай мәз боп еді...

Сөйткен асыл аға мен алтынға балайтын Шолпан жеңешем аразамызда жоқ. Бір шаңырақ астында бақытты ғұмыр кешкен жарасты жұп еді. Екеуі де бір ұжымда қызмет істеді. Жеңеміз телерадио комитетінің кітапханасын ұстады. Жүзінен мейірім нұры төгіліп, көрермендер мен тыңдаушыларға жақсы хабар жасамақ деп үзбей келіп тұратын журналистерге іздеген кітаптарын ғана емес, материалдарын да тез тауып беріп, өзінің жан-жақты білімімен де бәрінің көңілінен шығушы еді. Өткен жазда, әлемге қасірет әкелген тұжыжалдың кесірінен, араға әлденеше жыл салып Тыныс ағамыздың артынан кете барды. Сондарында Ұластай ұл мен Нұра, Ақпейіл есімді қыздары және олардан өрбіген ұрпақтары қалды. Жаратушы иеміз екеуінің жасамаған жастарын, көрмеген қызық-қуаныштарын соларға бұйыртып деп тілеймін...

Талғат АЙТБАЙҰЛЫ,
публицист-жазушы



БҰҒЫНҒЫ ҚАҢАРА

Атынан-ақ білініп түр емес пе? Сөз — алып шаһардың айтулы әкімі мен осындай айтулылардың алдында орғып жүретін қатын туралы. Болмайтын жерден ұйқас қуалап, қатын деп отырғаным болмаса, бұл аруды көрген еркек орнынан тұра алмай үйелеп қалады.

Сонымен, күндердің бір күнінде әкім мен қатын ел көзінен жасырынып, қақаған қыстан қашып, ыстық жаққа демалысқа келді. Бұл шамамен бір жас мемлекет тәуелсіздігін атап өтетін

Әп-сәтте жал-жал асау толқындар жағаны ұрып, аспан қап-қара болып түнеріп, жаңбыр төпеп, бір алапат күшіне мінді. Әне-міне цунами басталып кететіндей біздің екеу әбден састы. «Талай елдің обалына қалып ем. Бұл соның зауалы шығар» деп ойлады әкім. «Талайды тақырға отырғызып ем, соған жауап берер шак келген сияқты» деп ойлады қатын.

Жетектескен екеу осы жастарына дейін көрмеген қиындықпен бетпе-бет келіп, дүниеден баз кешіп, сүрініп-қабынып жүріп, дауыл құлата алмаған үш-төрт даракқа жолықты. Біреуінің ішін әдейі қолмен

дегеннің бәрін ұмытып ем. Енді өмір бойы шалқып-тасып жүре берем деп ойлағам...

— Алғаш басшылыққа қол жеткенде адал болғым-ақ келді. Елге қызмет етпек болдым. Бірақ, қатып қалған бір жүйе ырқынан шығармайды екен. Не жеуің, не кетуің керек. Елдегі бірінші адам болмайынша бәрін түзеймін дегенің далбаса деп ойладым да, қарбыттым келіп...

— Күнделікті түсіп жатқан табыс болмағаннан кейін бір баланың алименті не болады? Өзің сияқты алпауыттарға ажарымды сата бастадым. Алдында кәдімгідей арым мазалайтын. Кейін кімнің есепшотында қанша пұлы бар екенін отырысынан-ақ байқайтын шамаға жеттім. Ол қасиетімді мақтан тұтатынмын. Енді бетімнің оты шығып отыр.

— Сені қойшы, сенің залалың өзіміз сияқты байларға ғана тиді. Ал мен көпбалалы аналарға, жетімдерге, жағдайы жоқ отбасыларға бөлінген ақшамен осында келіп отырмын ғой. Сол ақшамен сені үлде мен бұлдеге орадым...

— Мені ғана ма? — Енді?... — Енді дейді ғой. Өткенде ана қылымсыған әнші қыздың қойнынан шығара алмай қойып едік қой.

— Ол кезде сенін жанында Бәкен отырды ғой...

— Отырса, жабысып қалған жоқ. Кетті ғой жөніне.

— Сол Бәкен саған 70 мың доллардың көлігін сыйлады дегені рас па?

— Әрине, рас. Сен ғой әлі өзің уәде еткен гауһартасы бар сырға, жүзік те әперген жоқсын...

— Әперем, жаным. Осыдан — дей бергенде найзағай тағы жарк ете қалды да, тағы бір дарак ұшты-күйлі жоқ болды.

Пенделік әңгімеге ақырындап қайта ауыса бастаған екеу талай жылдан бері алғаш рет «Пысымылда» деді.

— Жаратқан, өзін сақтай көр.

Күнәларымды кеше көр.

— Не жаздым деп айта алмаймын. Бірақ осымен бәрі біткені ме?

— Көретін жарығымыз бар шығар. Садақа, садақа таратам күллі жұртқа!

— Шынымен осыдан елге барған соң ешкімге көзімді төңкермей өзіммен өзім күнімді көрем...

Гауһартасынның да, жүзік, сырғанынң да қажеті жоқ.

— Мен де барлық жарлы-жақыбайдың басын қосып, шамам келгенше көмегімді берем. Әкенің аузы, өзіммен бірге көрге алып кететіндей жинай беріппін ғой. Енді, міне, қу ағаштың түбінде қашан жанып кетерімді білмей, селк-селк етіп отырмын.

— Айтыпакшы, «Өз үйім жоқ. Қатынымның үйінде тұрам» деп едің ғой бірде. Соған біреу сенеді деп ойладың ба?

— Аяқ асты ауызға түскені сол болды. Әшейінде кабинетте сыр бермегенмен, көп алдында саскалақтап қалады екенсін...

— Ал тәуелсіздік күнінде қалада болмаймын дегенің бетіне шіркеу емес пе?

— «Ақымақтар тәуелсіздік үшін қан төгеді. Біздер соның қызығын көреміз» деп талай күліп ем. Соның зардабын қазір тартып отырмын-ау деймін. Енді монументтің түбінде түнемесем бе?

Екеуі өткеніне әбден өкініп, енді қайта күнә жасамайтындай болғанда сібірлеп таң да атты. Түнде ештеңе болмағандай құстар түрлі әнге басып, айнала нәжап сұлулыққа малынды. Кеше екі адамның кем болғанын жағаға жеткен соң бір-ақ білген қонақ үй иелері де көрінді көз ұшынан.

Ал бойларындағы бар жындырынан айырылып, тәубаларына келген екеу үнсіз...

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫР



Әкім мен қатын

уақытқа тұспа-тұс келеді. Халық пен салықтан түскен ақша таусылсын ба? Ең қымбат қонақ үй, доп ойнауға болатындай ат шаптырм бөлме. Мұнда тіпті құстың сүті де бар. Оның бәрін жіпке тізгеннен маған не пайда? Аузымның суы құрып, қашанғы тамсанып отырам, токөтерін айтайын. Занды жарын «Иссапарға кеттім» деп алдап шыққан әкім мен тізгіні ылғи өзінде жүретін ару қатын жағажайда жата-жата жалығып, яхтамен ашық теңізге шықты. Аспанда шағала, айнала тамаша. Төрт-бес сағат тоқтаусыз жүзген жұрт шағын аралға аялдады. Бірі суға түсті, екіншісі сан алуан ішімдікке бас қойды. Ал, біздің екеу тағы да жұрт көзінен тасаға кетті. Ана жер тым жадағай сияқты, мына жерде көленке қою емес, ана түс жақсы-ақ екен. Тек, жасырынатын қалқа жоқ. Осылай өздеріне қолайлы жер іздеп біраз шығандап кеткен қос ынтық топтана өскен пальмалардың арасына келгенде аяқ суытты.

Бұл жактың ауа райы тым қызық. Бір сәтте жарқырап күн шыға қалады. Бір демде шелектеп жаңбыр жауалды. Бүгін де бесінге дейін балбұл жайнап тұрған көк аспан әп-сәтте нілдей бұзылды. Күн райын ұғып алған жолбастаушы дабыл қағып, қалың қауымды жинады да жолға түсті. Өзгеден жасырған құпиясы мол екеу дабылды да естімей, аспанға да қарамай, ескерусіз қала берді.

Аптық басылды, шөл қысты. Сол кезде ғана өз-өздеріне келген екеу қараңғы қоюлана бастағанын байқады. Орындарынан тұрып, қун ыстықта қиетін екі-үш шүберегін тауып алып, келген іздеріне түсті. Бағанағыдай емес, салығып-ақ қалыпты.

О, тоба! Әкім шаршағанына, тізесіне түскен қарны кедергі болғанына қарамай, төңіректі бір-екі айналып келді. Мына аралда екеуінен басқа жан баласы жоқ.

кеулегендей екен. Екі адам қатар кіріп, тізе түйістіріп отыруға болатындай. Сырттағы сұмдық дауыл, жер мен аспанды тұтастырып жіберген өлшеусіз су әлі толастамаса да мына жер екеуге пейіштің төріндей болды. Жаңа ғана бөрінен түніліп, жата қалып, Жаратқанға құлдық ұрып, жалынып-жалбарынуға бейіл болып келе жатқан екеу қалқаға бас сұққаннан кейін тәубаға түскен ойларынан айнып-ақ қалды. Тіпті «Манағы ойымды мынау біліп қоймады ма екен?» деген күдікпен, тас қараңғыда бір-біріне сезіктене қарап та қойды. Енді не болса да бәрі іштерінде өлмек. Бір-біріне сыр беріп қоймағандарына қуанып, бағана бір обал-сауап туралы ойлағандарына іштей күліп, алапат қорқыныш пен таусылмайтындай болған қиындықты лез ұмытып, екеуі де іштей «Тәйірі» дей бергенде аспаннан жасын түсіп, тура алдарында тұрған дарактың бірін жоқ қылып жіберді. Дүние жап-жарық болып кеткенде күлі ғана қалған дарак, бықсыған түтін, төңселген пальмалар, әне-міне басып қалардай ентелеп келе жатқан асау толқындар екеуін қайтадан дүниеден түнілдіріп жіберді. Бір-ақ сәтте тозаққа топ ете түсіп, енді тек бөріне жауап беру ғана қалғандай.

— Осыдан аман-есен елге жетсем, кісі ақысын жемесіпін — деді әкім өмірінде бірінші рет шын көңілмен.

— Мен де осыдан аман қалсам, баламды ғана әлпештеп, соның адам болуына барымды салармын — деді қатын.

— А, иә. Менің де балаларым бар. Тек, дүниенің қадірін білмей, асып-тасып жүр. Алдымен, соларға өмірдің мәнін ұқтырсам ғой — деді әкім.

— Мә, күйеуіммен ажырасып, дүние-мүлкін өзіме аударып алғаннан кейін қиындық

ҚААМ



Jas qazaq gazeti мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз және тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр.

Газет оқырмандарына курсқа қатысушы Ақниет Жүнісбекованың шағын ақпараты мен Эльмира Оразбақованың жазбасын ұсынамыз.

Қазақтың домбырасын әлемге шат етті



Жуырда Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары төрткүл дүниені өзіне қаратты. Иә, көдімгі қазақтың қара домбырасының үнімен! Мектеп оқушылары, яғни ақпарат құралдарында жазылғандай, 1000 адам емес, 1032 оқушы «ең ауқымды домбыра сабағын» өткізіп, Гиннес рекордтар кітабына енді.

Осы 1032 оқушының ортасында күй тартқан Іңкәр Құмбаеваның айтуынша, былтырғы жылдан бастап мектепте домбыра пәні арнайы оқытылыпты. Әр оқушыға жеке-дара көңіл бөлініп, домбыра шертуді, қос ішекті күмбірлете тартуды барлық оқушы меңгерген. Күйді үйретіп қана қоймай, тарихына үңіліп, астарындағы ақиқатты да шәкірттердің көкейіне тоқыған. Іңкәр бастауыш сыныпта оқып жүріп-ақ домбыра үйірмесіне жазылғаны, Назарбаев зияткерлік мектебіне қабылданғанда шыңдала түсіпті. Домбыра үйірмесіне тұрақты жазылып, «нағыз қазақ — домбыраны» кәсіби түрде меңгеруге ден қойған екен.

Соңғы қонырау қарсаңында НЗМ оқушылары «Еркем-ай», «Жастар биі», «Кенес», «Балбырауын» күйлерін күмбірлете шертіп, дүйім жұртшылықты тамсантип, қазақтың қоныр домбырасын әлемге тағы бір мәрте паш етті.



Ақниет ЖҮНІСБЕКОВА, III топтағы мүмкіндігі шектеулі жан

Көз - адамның айнасы

Біз өзімізге жақын адамдардан, көзі ауыратын науқастардан жиі еститініміз осы бір сұрақ «дәрігер айтыңызшы, көру қабілетін қалай сақтауға болады?». Бұл жағдайда дәнсаулықты сақтау көрек деген өмірлік тұжырымдама еске түседі. Дегенмен әр адам көру қабілетін күте білуі керек.

Әсіресе, жұмыс орнында техникалық қауіпсіздікті сақтап, қоршаған ортамен байланыста абай болу керек. Көру қабілетіңіз тіптен нашарлаған жағдайда міндетті түрде окулист дәрігерге барып, оның айтқандарын бұлжытпай орындаған жөн. Көру өткірлігі көздің алыс қашықтықтағы нәрселерді көруімен анықталады. Осыдан 250 жыл бұрын ғалым Гук көздің 2 нүктені ажыратуының ең кішкентай бұрышы 1 минутқа тең екенін анықтаған. Қазіргі таңда көз жанарының бұрышы көз өткірлігінің халықаралық көз өткірлігінің бірлігімен өлшенеді. Осыдан барып көз өткірлігінің орташа нормасы көптеген адамдарда 2 нүктені көріп, ондағы айырмашылықты 1 минут ішінде ажырата алады дегенді білдіреді. Біздің көзіміз 180 түс пен 13000-нан астам ренті ажырата алады. Түстерді ажырату қабілеті барлық адамдарда бірдей. Бірақ түстерді дұрыс ажырата алмайтын адамдар да бар. Кейбіреулері түстерді шатастырады. Ал кейбірі қызыл түс пен жасыл түсті ажырата алмайды. Адамдардағы бұл жетіспеушілік туа бітті ақауға жатпайды. Тіпті олар көз ауруларымен ауырмаған да болуы мүмкін. Қызыл түс пен жасыл түсті ажырата алмау ауруымен ағылшын физигі және химигі Джон Дальтон (1766-1844) ауырған. Ол ең алғаш рет 1794 жылы түстерді ажырата алмау ауруын зерттеді. Содан бері түстерді ажырата алмайтын адамдарға «дальтонизм» деген атау беріліп, ауруы асқынған адамдарды «дальтоники» деп атайды. Өзірге бұл атаулар ескіріп, бүгінде бұл диагнозға екі түрлі атау берілді. Түстерді ажырата алмаудың біріншісі — туа бітті, екіншісі — жүре пайда болған болып бөлінеді. 3 жасқа толған баланың көз өткірлігі бөріне бірдей пайда бола бермейді. 15 жасқа дейін көз алмасының сканерлеу функциясының дамуы аяқталады. Бұл кезде көз өткірлігі дамиды. Академик Михаил Авербах адамдардағы көз өткірлігінің дамуы 10 мен 38 жас аралығында толық дамып, одан ары қарай азая бастайтынын айтқан болатын. Біздің көзіміз жақын немесе алыс қашықтықтағы түстерді ажыратып, тіпті қараңғы уақытта да көруге қабілетті. Алайда барлық адам қоршаған ортаның әдемілігін бірдей көре алмайды. Кейбір адамдар алысты жақын, ал жақынды алыс қылып көреді. Ал кейбіреулер, тіпті алысты да көре алмайды. Біз өмірде көп нәрсені дер кезінде бағалай бермейміз. Тек жоғалтқанда барып өкінеміз. Офтальмолог Альбрехт фон Грефе «ақынның сөзі де, суретшінің түстері де көзіміз көрсететін сұлулықты жеткізе алмайды» деп жазған екен. Бұл сөздің мағынасын көру қабілетінен айырылғандар ғана жақсы түсінеді.

Әльмира ОРАЗБАКОВА, республикалық зағип және көру қабілеті төмен азаматтарға арналған кітапхананың қызметкері



Бас редактор — директор Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Мерген ТОҚСАНБАЙ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08) Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 776 238 55 94) Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА	Меншік иесі: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — № 1080; Бағасы келісім бойынша Таралымы — 5000 дана Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар. Jas qazaq газеті «Қараған», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
--	---	--	---